

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**PROCEEDINGS
of the XX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**2025
Астана**

УДК 001(06)

ББК 72я631

F96

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная
научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for
students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)

ББК 72я431

F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2025

**СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.1 МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТАРИХЫ,
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ**

| | | | |
|-------|------------------------------------|--|------|
| 1470. | Асылбекова А.А. | Правовое регулирование искусственного интеллекта: зарубежный опыт и перспективы для Казахстана | 6308 |
| 1471. | Аширбекова А.Б. | Қазақстан Республикасында Ұлттық алдын алу тетігі жүйесі | 6314 |
| 1472. | Амирова Б.К. | Қазақстандағы жинақтаушы зейнетақы заңнамасының тарихи эволюциясы | 6316 |
| 1473. | Бейбітұва І.Б. | Медицина қызметкерлерінің құқықтық жауапкершілігі | 6319 |
| 1474. | Байтерекова К.Б., Ескендерова Г.Т. | Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қазіргі жағдайы | 6323 |
| 1475. | Егежанова Д.Р. | О влиянии нормативной практики Верховного суда Республики Казахстан на административное судопроизводство | 6326 |
| 1476. | Есентемирова А.М. | Некоторые вопросы становления законодательства о высшем и послевузовском образовании в Республике Казахстан | 6330 |
| 1477. | Еркін Ә. | Коррупция и правовые методы борьбы с ней | 6340 |
| 1478. | Жармаханбетова Б.А. | Права коренных народов и недропользование: проблемы соблюдения и защиты прав при добыче природных ресурсов на их территориях | 6345 |
| 1479. | Жолдасбек М.Б. | Қазақстан Республикасындағы Конституциялық реформа: өзгерістерді талдау және олардың құқықтық жүйеге әсері | 6348 |
| 1480. | Жеңіс Е.Е. | Салық заңнамасын жетілдіру мәселелері | 6353 |
| 1481. | Жанаев Е.А. | Роль морали в правовых решениях и законодательных актах | 6357 |
| 1482. | Кажтай А.Н. | Қауіпті құқықбұзушылықтардың қоғамға әсері | 6360 |
| 1483. | Карсибек С.А. | ҚР Алқабилер сотының құқықтық жағдайы және шетел мемлекеттерімен салыстырмалық ерекшеліктері | 6364 |
| 1484. | Көбеген А.М. | Әлеуметтік әл-ауқат пен қоғамның өркендеуінің құқықтық аспектілері | 6367 |
| 1485. | Кошкенбек Б.Б. | Шетелде оқыту бағдарламаларын құқықтық реттелуі | 6371 |
| 1486. | Қалыбаева А.Ә. | Қазақстандағы жаза қолданудың құқықтық санаға әсері | 6377 |
| 1487. | Қалқазбек Н.Е. | Қазіргі заманғы құқық саласының өзекті мәселелері мен даму перспективалары | 6380 |
| 1488. | Маликов Ж.Н. | Қазақстан Республикасының Конституциялық сот институтының қалыптасуы және қызметі | 6383 |

| | | | |
|-------|----------------------------|---|------|
| 1489. | Маратов А.Б. | Роль юристов защиты прав юридических лиц | 6385 |
| 1490. | Отыншиева Г. | Құқықтық сана және мәдениеттің арақатынасы | 6387 |
| 1491. | Роман К.Д. | Законодательные основы обеспечения информационной безопасности детей в Казахстане: вызовы цифровой эпохи | 6390 |
| 1492. | Сұңғатов С.С. | Цифрландырудың азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын іске асыруға тигізетін ықпалы | 6392 |
| 1493. | Салиханов А.Б. | Социальные барьеры реинтеграции бывших заключённых в Казахстане: причины стигматизации и пути преодоления | 6396 |
| 1494. | Турегелдиев Б.У. | Жоғарғы соттың нормативтік қаулыларының құқықтық алаңдағы ықпалы | 6402 |
| 1495. | Тәуірғалиева А.Б. | Киберқауіпсіздік: қылмыстардың алдын алу және заңнамалық шаралар | 6405 |
| 1496. | Табанова Ж.А. | Защита прав женщин: международный аспект | 6409 |
| 1497. | Тәжі Ә.Т. | Цифровизация прав граждан РК | 6413 |
| 1498. | Тигай Б.А. | Проблемы налогового правоприменения в РК | 6415 |
| 1499. | Шоманова К., Ясинова Д. | Адам құқықтарының қорғалуы және заңнамалық реттелуі | 6423 |
| 1500. | Ібіжан Г.Ә. | Проблемы организации правовой помощи детям с ограниченными возможностями здоровья | 6427 |
| 1501. | Yagmussova A.F. | The concept and types of social guarantees and the grounds for their provision under labor legislation | 6431 |

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.2 АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

| | | | |
|-------|-----------------|---|------|
| 1502. | Алмагамбетов М. | Кәсіпкерлердің құқықтары мен оның қорғалуы | 6436 |
| 1503. | Булатова Л.Б. | Жасанды интеллектпен жасалған туындылардың құқықтық мәртебесі | 6440 |
| 1504. | Ибрашев А.М. | Искусственный интеллект в трудовом праве: перспективы, риски и возможности | 6443 |
| 1505. | Искаков Р.А. | Правовая природа договора о государственных закупках товаров в Республике Казахстан | 6446 |
| 1506. | Көбеген А.М. | Әлеуметтік әл-ауқат пен қоғамның өркендеуінің құқықтық аспектілері | 6452 |
| 1507. | Мырзаханов Ә.Е. | Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен | 6456 |

| | | | |
|-------|------------------------|--|------|
| | | өзекті мәселелер | |
| 1508. | Нургалиева М.Е. | Трудовые права женщин и равенство на рабочем месте. Дискриминация как барьер для экономического прогресса | 6459 |
| 1509. | Рустами-Кадырбекова Ж. | Ретроспективный анализ правового регулирования в области социального обеспечения | 6464 |
| 1510. | Сураганова Д.Д. | Правовое регулирование игорного бизнеса в Республике Казахстан | 6468 |
| 1511. | Третьяк М.В. | Тенденция к сокращению рабочего времени в развитых странах: баланс между производительностью и качеством жизни | 6471 |
| 1512. | Третьякова Ж.В. | К вопросу имущественных правоотношений родителей и детей по законодательству Республики Беларусь | 6475 |
| 1513. | Тыныбек кызы А. | Гибкие формы занятости в Казахстане и Кыргызстане: правовое регулирование дистанционной работы и самозанятости | 6478 |
| 1514. | Тюлегенова А.А. | Правовые аспекты использования земли | 6481 |

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.3 ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ ТҮЛҒАНЫҢ, ҚОҒАМ МЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУДЫҢ МЕХАНИЗМІ РЕТІНДЕ

| | | | |
|-------|------------------|---|------|
| 1515. | Азенова С.Р. | Сот сараптамасын тағайындау мен жүргізу: қылмыстық процестегі маңызы және жетілдіру жолдары | 6485 |
| 1516. | Абдықадыр А.Б. | Қылмыстық әділет жүйесіндегі цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект | 6488 |
| 1517. | Байносерова А.Г. | Қолжазба сараптамасы дәлелдеу құралы ретінде: жаңа әдістер мен шешілмеген мәселелер | 6495 |
| 1518. | Бахыт І.Б. | Уголовное судопроизводство как механизм защиты интересов личности, общества и государства | 6500 |
| 1519. | Жакишева Д.К. | Арнайы білім және оларды қылмыстарды тергеу кезінде қолдану нысандары | 6504 |
| 1520. | Жұмадулла Қ.Ф. | Жасанды интеллект пен криминалистика: қылмысты ашудағы жаңа дәуір | 6508 |
| 1521. | Маратова А.М. | Понятие судебно-биологической экспертизы и ее значение для установления обстоятельств уголовного дела | 6510 |
| 1522. | Шариф М.Қ. | Психологиялық портретті құру: сот сараптамасында қолдану тәжірибесі | 6514 |
| 1523. | Жунусов Д.С. | Совершенствование качества судебных экспертиз: организационно-правовой подход | 6517 |
| 1524. | Khamidullina R. | Jury Trials in the Criminal Justice System: A Comparative Analysis of the U.S. And | 6520 |

| | | | |
|-------|------------------|---|------|
| | | Kazakhstan Models | |
| 1525. | Киікбай Б.С. | Онлайн алаяқтық қылмыстық құқық бұзушылықтарын тергеп-тексерудің өзекті мәселелері | 6523 |
| 1526. | Салимжуаров Г.Ф. | Перспективы использования искусственного интеллекта в производстве судебных экспертиз | 6528 |
| 1527. | Серіктай Н.Ө. | Тергеушінің жеке басының кәсіби-психологиялық сипаттамасы | 6531 |

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.4 ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМА: ЗАМАНАУИ СЫН-ҚАТЕРЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

| | | | |
|-------|------------------|---|------|
| 1528. | Адильхан Х.Б. | Қылмыс пен жазаның психологиялық қырлары: кінә және жауапкершілік сезімі | 6536 |
| 1529. | Арзанбекова К.Қ. | Геноцид және оның халықаралық құқықтағы орны | 6538 |
| 1530. | Ахметжанова А.А. | Правовое обеспечение информационной безопасности Республики Казахстан: вызовы и перспективы | 6540 |
| 1531. | Айзак А.Ж. | Әлеуметтік факторлар мен экономикалық қысымның қылмысқа ықпалы | 6544 |
| 1532. | Әжібекова А.Е. | ҚР жасөспірімдер арасындағы буллингке қарсы шаралар мен шетелдік тәжірибе | 6546 |
| 1533. | Болатбекова А.А. | Қылмыс пен жазаның қоғамдағы әлеуметтік-мәдени ықпалы | 6552 |
| 1534. | Бөлебай А.Б. | Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық қылмыстарының алдын алу мәселелері | 6555 |
| 1535. | Дүйсен Қ.А. | Адам саудасының құрбандарын анықтау және қорғау механизмдері | 6563 |
| 1536. | Карсибек С.А. | Жыныстық қолсұғылмаулыққа қарсы жасалған қылмыстардың латенттілігі: себептері және шешу жолдары | 6566 |
| 1537. | Кенеспек Д.М. | Қазақстан Республикасындағы қылмыстардың қайталану себептері мен алдын алу жолдары | 6569 |
| 1538. | Кийкбай Н.К. | Жалған ақпарат тарату және оның қылмыстық-құқықтық салдарлары: ақпараттық кеңістікте қауіпсіздік пен жауапкершілік мәселелері | 6572 |
| 1539. | Кожанова Д.Р. | Реформа уголовного законодательства Республики Казахстан: анализ реализации положений концепции УК 2014 года через призму десятилетнего опыта | 6575 |
| 1540. | Көбейсін Ө.Т. | Кінә мен оның қос нысаны: қазіргі қылмыстық құқықтағы ерекшеліктер мен проблемалар | 6578 |
| 1541. | Койчубекова А.А. | Уголовная ответственность за | 6580 |

| | | | |
|-------|-------------------------------|--|------|
| | | насильственные действия сексуального характера | |
| 1542. | Қабдылова А.Қ. | Кибербуллингтың алдын алудың құқықтық мәселелері | 6585 |
| 1543. | Мырзаханов Ә.Е. | Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен өзекті мәселелер | 6590 |
| 1544. | Орынбай Ш.А. | Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі | 6593 |
| 1545. | Сайлаубек М.Ж. | Қылмыстық құқықтағы өзін-өзі қорғау шегінің әлеуметтік және құқықтық аспектілері | 6597 |
| 1546. | Төрехан А.Ә. | Тұрмыстық зорлық-зомбылық; қылмыстық жауаптылық және әділ жаза тағайындау мәселелері | 6600 |
| 1547. | Тюлегенова А.А., Куатова Р.Е. | Совершествование превентивных мер в рамках реализации антикоррупционной политики в РК | 6607 |

СЕКЦИЯ БӨЛІМІ 10.5 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРИЯ ҚҰҚЫҚ: ЖАҢА ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР ТЕГЕУРІНДЕРІ

| | | | |
|-------|-------------------|--|------|
| 1548. | Алиев Е. | Правовое регулирование международных железнодорожных перевозок в Республике Казахстан | 6611 |
| 1549. | Аршабаева Р.С. | Заманауи құлдықпен күрестегі халықаралық құқықтың тиімділігі мен мәселелері | 6616 |
| 1550. | Данияр Ә.А. | Роль международных организаций в урегулировании вооруженных конфликтов | 6620 |
| 1551. | Кабдрахманов А.Е. | Анализ правового регулирования защиты прав трудовых мигрантов: опыт Казахстана и России в контексте международных стандартов | 6626 |
| 1552. | Qodirova T.R. | The role of the United Nations High Commissioner for refugees in protecting refugee rights | 6631 |
| 1553. | Медетова М.Б. | Азаматтық авиациядағы алғашқы халықаралық қауіпсіздік стандарттары: пайда болу және тарихи негіздері | 6634 |
| 1554. | Мыктыбаева Д.А. | Регулирование вопросов трудовой деятельности трудящихся-мигрантов в международных соглашениях Республики Казахстан | 6640 |
| 1555. | Мырзаханов Ә.Е. | Қазақстан Республикасындағы ресми наградалар жүйесі: толықтырулар мен өзекті мәселелер | 6645 |
| 1556. | Рублевский А.А. | Этическая дилемма статуса эмбриона | 6648 |
| 1557. | Тулеген А.С. | Правовые проблемы назначения и исполнения наказания в деятельности международных уголовных трибуналах ad hoc | 6652 |

**10.6 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОММЕРЦИЯЛЫҚ АРБИТРАЖ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ
ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖЕКЕ ҚҰҚЫҚ**

| | | | |
|-------|-----------------|---|------|
| 1558. | Акынов Д.М. | Правовые механизмы обеспечения исполнения обязательств государствами-членами ЕАЭС | 6657 |
| 1559. | Ануарбек А. | Применение блокчейн-технологий в международном коммерческом арбитраже: правовые вызовы и перспективы | 6661 |
| 1560. | Жаксылыков К.К. | Особенности правового регулирования отношений, возникающих из международного договора купли-продажи товаров | 6665 |
| 1561. | Каримова Ф.Х. | Защита персональных данных в международном частном праве | 6669 |
| 1562. | Мирзоева М.М. | К вопросу о сущности деловой репутации | 6675 |
| 1563. | Раджабов М.Д. | Трудовые права иностранных граждан в международном частном праве | 6679 |

10.7 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ БҰҰ-НЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ

| | | | |
|-------|------------------|--|------|
| 1564. | Ануарбек А. | Международное экологическое правосудие: теоретические основы и практические аспекты | 6683 |
| 1565. | Burieva M.S. | The role of international organizations in regulating the use of water resources of transboundary rivers and lakes | 6687 |
| 1566. | Nasreddinzoda N. | The role of regional organizations in achieving the SDGs: international legal aspects | 6691 |
| 1567. | Шалгымбаева А.Н. | Комиссия международного права ООН: регулирование экологических аспектов вооруженных конфликтов | 6693 |

СЕКЦИЯ 11**АРХИТЕКТУРА И СТРОИТЕЛЬСТВО****ПОДСЕКЦИЯ 11.1 СТРОИТЕЛЬСТВО**

| | | | |
|-------|------------------|--|------|
| 1568. | Аманжолова Ш.Ф. | Қарқынды құрылыс жағдайындағы Астана қаласының жер асты сулары деңгейінің өзгерісін болжау | 6698 |
| 1569. | Батирбекова А.Т. | Численное моделирование работы стены в грунте с распорной системой в условиях плотной застройки | 6702 |
| 1570. | Бекетов Д.Н. | Энергоэффективность в строительстве: симуляция влияния ориентации зданий на потреблении энергии в Астане | 6707 |

2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. – Астана, 2014.
3. Баймырзаев М.Қ. Құқық социологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2021.
4. Жоламан Қ.Д., Мұхтарова А.Қ., Тәукелев А.Н. Мемлекет және құқық теориясы. – Алматы: Экономика, 2020.
5. Human Development Report, UNDP, 2023.
6. OECD Economic Outlook Report, 2023 – <https://www.oecd.org>
7. ҚР Жоғарғы сотының ресми сайты – <https://sud.kz>
8. Смагулов А.А. (2021). Криминология негіздері. Алматы: Қазақ университеті.
9. ҚР Ұлттық статистика бюросы (2021). Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығы. [stat.gov.kz]
10. UNODC (2023). Global Study on Crime Trends. United Nations Office on Drugs and Crime.
11. Cerqueira, D., et al. (2019). Economic Downturns and Crime in Brazil. IPEA Discussion Paper.
12. Bandura, A. (1973). Aggression: A Social Learning Analysis. Prentice Hall.
13. ҚР БҒМ Жастар зерттеу орталығы (2022). Қазақстан жастары: әлеуметтік портреті.

УДК 316.624.3

ҚР ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ БУЛЛИНГКЕ ҚАРСЫ ШАРАЛАР МЕН ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ

Әжібекова Айжан Елжанқызы

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, заң факультеті «Сот-
прокурорлық және тергеу криминалистикалық қызметі» білім беру
бағдарламасының I курс студенті.*

azhibekovaaizhan1457@gmail.com

Ғылыми жетекшісі: з.ғ.к. Муратханова М.Б.

Қазіргі таңда жасөспірімдер арасында буллинг мәселесі әлем бойынша өзекті тақырыптардың біріне айналды. Мектеп қабырғасындағы психологиялық және физикалық қысым, кемсіту, қорлау сияқты әрекеттер жасөспірімдердің психикалық дамуына, оқуға деген ынтасына және болашақ өміріне теріс әсерін тигізуде. Әсіресе, интернет пен әлеуметтік желілердің кең таралуы әлеуметтік желіде бопсалаудың яғни кибербуллингтің пайда болуына жол ашты. Бұл жағдай жасөспірімдердің қауіпсіз ортада дамуына кедергі келтіріп, қоғамда күрделі әлеуметтік мәселелердің біріне айналып отыр.

Осы орай да Мемлекет басшысы Республикалық педагогтер съезінде мектептегі қауіпсіздік мәселесі жөнінде сөз қозғаған болатын. «Өкінішке қарай, оқушылардың бір-біріне әлімжеттік, тіпті, зорлық көрсетуі тыйылмай отыр. Соның кесірінен олар өз-өзіне қол жұмсауға, яғни суицидке дейін баруда. Буллинг балалар мен жасөспірімдердің денсаулығына және олардың жан дүниесіне орны толмас зиянын тигізеді. Сондай-ақ, оқу үдерісіне кері әсер етеді. Балалардың әлеуметтік ортадан шеттеп қалуына, ой-санасының бұзылуына әкеп соқтырады. Мемлекет баланың құқығы мен қауіпсіздігінің қорғалуын қамтамасыз етуі керек. Сондай-ақ, буллингке біржола тосқауыл қоюы қажет», - деді Президент.

Осы жұмыстың мақсаты – буллинг ұғымын жан-жақты талдау, оның түрлерін, соның ішінде кибербуллингтің ерекшеліктерін анықтау, Қазақстандағы құқықтық жауапкершілік пен мемлекеттік алдын алу шараларын қарастыру, сонымен қатар халықаралық тәжірибені саралап, тиімді ұсыныстар ұсыну. Буллингтің алдын алу тек білім беру саласының емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті екендігіне назар аудару.

Жасөспірімдер — бұл бала мен ересек адамның арасындағы өтпелі кезеңде жүрген, шамамен 10–19 жас аралығындағы жастар. Бұл кезеңде адамның физикалық, психологиялық және әлеуметтік дамуы белсенді түрде жүреді.

Агрессор — буллинг барысында басқа адамға қасақана психологиялық немесе физикалық түрде қысым көрсететін адам. Бұл адам басқа оқушыларды қорқытуы, кемсітуі, ұрып-соғуы немесе онлайн түрде мазалау арқылы зиян келтіруі мүмкін.

Жәбірленуші – буллингтің құрбаны, яғни агрессордың қудалауына, қорлауына, кемсітуіне немесе күш көрсетуіне ұшыраған адам. Көбінесе бұл адам – жасөспірімдер арасында әлсіз, тұйық немесе ерекше мінез-құлық көрсететін бала болуы мүмкін.

Буллинг - бұл бір адамның екінші адамға қатысты әдейі және қайталап көрсететін қорлаушы, мазақтаушы немесе күш көрсететін әрекеттері. Бұл әрекеттер физикалық, сөзбен, әлеуметтік немесе интернет арқылы жүзеге асуы мүмкін.

Біз буллингтің 4 түрін қарастырамыз. Олар :

1. Физикалық буллинг: адамның тәніне зиянын тигізеді, оның дүние-мүлкіне зардап әкеледі. Мәселен, иықпен қағып өту, ұру, төбелесу осы қатарда. Әдетте буллинг басқалай басталып, ақыр соңында күш көрсетуге алып келеді. Күш көрсету — өлімге апаруы мүмкін өте қауіпті буллинг түрі. Мысалы : Семей қ., 343 орам ауданында. Жылап жатқан баланы қорлаған жеткіншектердің әрекеті қолданушыларды таң қалдырды. Видеода жасөспірімдердің мектеп оқушысын қарда ұрып, барлығын видеоға түсіріп жатқанын көруге болады. Жазбалар әдепсіз сөздермен сүйемелденеді. Шабуылға тек жас жігіттер ғана емес, қыздар да қатысты: олар не болып жатқанын бақылап қана қоймай, мектеп оқушысының өзін, соның ішінде басынан да ұрды. Белгілі болғандай, жарақат алған бала алтыншы сыныпта оқиды.

2. Вербальды буллинг: адам ауызша айқаймен, дауыс көтеру арқылы және күліп, кекетіп-мұқату арқылы зорлық көрсетеді. Құрбанды қорлап, оның намысына тию, сыртынан ол туралы өтірік айту, өсек тарату, дөрекі сөйлеу, жәбірлеу сөз түріндегі буллингке кіреді. Мысал: Желіде тараған видеода қыздың астында жатқан оқушы қызды аяусыз жұдырықпен ұрғаны көрінеді. Оқиғаның басқа қатысушылары жатқан қызды ұрмай, соғып тұрған құрбысын жігерлендіреді. Соққыға ұласқан жанжал 8 наурыз күні Алматы қаласындағы сауда орталықтарының бірінің маңында болғаны хабарланды. Бұл жағдай қалай басталғаны белгілі болды ол сауда орталығында қыздардың бір бірінің арасында ұрыстың болғаны соның салдары осы ұрып соғуға әкелген .

3. Relational буллинг: кейде әлеуметтік агрессия деп те атайды. Бұл – бір адаммен қарым-қатынас құру арқылы оған зиян келтіру, кемсіту. Сондай-ақ әлеуметтік буллинг түсінігін бір адам басқа жанның репутациясына кір келтіргісі келген, оның қоғамдағы беделіне нұқсан келтіруді ойлап жасаған әрекетін сипаттағанда да қолданады. Әлеуметтік буллинг сырт көзге жақын араласатын адамдар боп көрінетін ортада болуы мүмкін. Сондықтан ол ұзақ уақыт басқа адамдарға байқалмай, бірнеше жылға жалғаса береді.

4. Кибербуллинг: интернет, әлеуметтік желі, түрлі сайт арқылы қоқан-лоқы көрсету. Жәбірлеуші телефонмен хабарласып немесе әлеуметтік желіде жазып, адамды қорқыта алады. Кибербуллинг жасаушы ауызша немесе белгілі бір фото, видео жариялап, қорлауы мүмкін. Сонымен қатар құрбанға зиян тигізу мақсатында ойластырылған арнайы тапсырыс аясында кибербуллинг белгілері байқалуы мүмкін. Қазақстанда әрбір тоғызыншы бала кибербуллингке ұшырайды. Әмір Жұманов 9 жаста, жақында «ВКонтакте» әлеуметтік желісінде парақша ашты. Айтуынша, ол жерде отбасы мен туыстары туралы айтқысы келген. Бірақ біраз уақыттан кейін жоғары сынып оқушыларынан балағат сөздер айтыла бастады. «Осыдан кейін мен парақшаны өшірдім. Ал менің досым бойы қысқа болды деп оны

кекеткен болатын. Оның тіпті лақап аты бар, ол әлеуметтік желіде ол туралы жағымсыз сөздер жазғандықтан үнемі дәретханада жылайды», - дейді мектеп оқушысы. Тағы : 8 жасар қыз әлеуметтік желіде құрдасымен танысқан. Ол қызды әлеуметтік желіде өзінің видеолары мен жалаңаш суреттерін жариялауға көндірді. Бірақ бұл басқа атпен тіркелген педофил болатын. Омбудсмен Динара Зәкиева ата-аналарды қырағы болуға шақырды: баласының кіммен сөйлесетінін үнемі қадағалап, қауіп-қатер, соның ішінде әлеуметтік желілерде айтып, 2024 жылдың қыркүйегінде мектептерде енгізілген қауіпсіздік сабақтарында қарастырылған тақырыптарды талқылаңыз. Сондай-ақ балалардың қауіпсіздігіне қатысты кез келген күдікті жағдайларды 102 немесе 111 телефондары арқылы хабарлау қажет.

Осы тұрғыда шет елдік тәжірибелерге сүйенетін болсақ біршама халықаралық шараларға тоқталғым келеді.

Норвегия елінің тәжірибесіне сүйенсек, 1980-ші жылдары буллингке және оның салдарына қарсы күрес жөніндегі әлемдегі алғашқы бағдарлама пайда болды және ол Д.Ольвеустың еңбектеріне негізделді. Бұл Норвегияның Білім Министрлігінің қайғылы оқиғаға реакциясы болды — мектепте қорланған үш жасөспірімнің өз-өзіне қол жұмсауы. Мектептердегі буллинктің алдын-алу мен ескертудің алғашқы ауқымды кешеннің бірі 1983 жылы Дэн Ольвеус сәтті жүргізген зерттеуден кейін басталды. Оған 42 мектептен 130 мыңға жуық оқушы қатысты.

Финляндия мемлекетінде буллинктің алдын алу бойынша KiVa бағдарламасы (жәбірлеуге қарсы) ауқымды жүзеге асты. Сонымен қатар ол фин тілінен аударғанда жағымды, жақсы немесе мейірімді нәрсені білдіреді. KiVa Финляндияның Турку университетінде Білім және мәдениет Министрлігінің қаржылық қолдауымен жасалған буллингке қарсы бағдарлама. KiVa мектептерге қорқытуға қарсы арнайы құралдар мен материалдардың кең таңдауын ұсынады және тиімділігі ғылыми дәлелденген. KiVa үш негізгі компонентті қамтиды: 1) балаларға буллинг мысалдарын көрсету және арнайы әзірленген бейне ойынға қатысуды ұсыну; 2) буллингке қарсы құралдар; 3) жыл сайынғы мониторинг. Оқушылардың сабақтары KiVa-дағы әмбебап әрекеттердің негізін құрайды. Сабақтар жас ерекшеліктеріне сәйкес 1, 4 және 7 сыныптарда бірнеше рет көтерілген негізгі сұрақтармен жалпы білім беру барысында жалғасатын континуумды құрайды.

Австрияның буллингке қарсы Visc бағдарламасы 5-8 сынып оқушыларына (11-15 жас) арналған негізгі алдын алу бағдарламасы. (ViSC Social Competence Program). ViSC бағдарламасы – қорқытуға қарсы әлеуметтік-экологиялық бағдарлама, демек, ол мектеп, сынып және жеке адам деңгейіндегі шаралардан тұрады. ViSC бағдарламасы орта мектептерге арналған, өйткені қорқыту мен құрбандықтың таралуы мектепке ауысумен байланысты. Бағдарлама агрессивті мінез-құлық пен құрбандықтың алдын-алуды бүкіл мектептің міндеті ретінде анықтайды және бағдарламаны алғашқы енгізу бір оқу жылына созылады.

Россияда 2022 жылы «Білім туралы» травля (жәбірлеу)» ұғымын енгізуді ұсынылды. Атап айтқанда, 2-бапты «адамдар тобының немесе бір адамның басқа адамға немесе оның ішінде электрондық коммуникация құралдарын пайдалана отырып жүзеге асырылатын адамдарға қатысты жүйелі психологиялық және/немесе физикалық агрессивті мінез құлқы» ретінде анықтамамен толықтырылатын болады. Жәбірлеу ретінде бойкот жариялау, қорлайтын лақап атты қолдану, мүлікті қасақана ұрлау мен бүлдіру, кибербуллинг, жалған ақпарат тарату, психологиялық және физикалық зорлық-зомбылық қарастырылады. Сондай-ақ, құжатта «жәбірлеу құрбаны», «жәбірлеуге қатысушы», «жәбірлеуді ұйымдастырушы» және «жәбірлеуді бақылаушы» терминдері көрсетілген.

2013 жылы Жапония Үкіметімен буллингке қарсы заңды қабылдады. Бұл қадам соңғы жылдары мектептерде буллинктің таралуына байланысты болды. Мысалы ретінде, Оцу қаласында болған буллинг оқиғасы, онда оқушы сыныптастары оны мазақ еткеннен кейін өз-өзіне қол жұмсады. Заң буллингке тыйым салады және мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан және мектептерден буллинктің алдын алу шараларын қабылдауды талап етеді.

ҚР Мемлекеттік шаралар

«Мектептердегі қорлау тек Қазақстанның ғана емес, бүкіл әлемнің проблемасы. Біз басқа елдерден келген әріптестерімізбен зерттеп, тәжірибе алмасып жатырмыз. Министрлік кешенді және жүйелі шараларды қолға алуда. Осылайша 2023 жылдың тамыз айында балалар құқығын қорғаудың кешенді жоспары қабылданды, онда балаларды қорлаудан қорғау шаралары қарастырылған», - деді ҚР оқу-ағарту вице-министрі Оспан Еділ Сабырұлы. Бұзақылықпен күресу үшін әр мектепте қорқытуға қарсы бағдарлама енгізіледі. «Қазіргі уақытта бұл бағытта жұмыс жүргізілуде; біз халықаралық тәжірибені де зерттеп, әлемдегі озық тәжірибені – финдік KiVa» бағдарламасын қабылдадық. Қазіргі уақытта бұл бағдарлама бойынша Финляндияның Турку университетімен бірлескен жұмыс жүргізілуде. Бағдарлама қазірдің өзінде біздің мектептерге бейімделуде. Бағдарламаның бірнеше құрамдас бөлігі бар. "Оқу жылының басынан бастап бұл бағдарламаны пилоттық режимде бастаймыз, - деді. Осының нәтижесі 2024 жылдың 12 қыркүйек айында мақала шыққан болатын онда «Қазақстанда 110 мектепте бұзақылыққа қарсы KiVa бағдарламасы іске қосылды». Динара Зәкиева, Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары жөніндегі уәкілі: - Жазда осы «бағдарламаға» қатысатын мұғалімдер мен мектептер үшін тренинг өткізілді. Бұл ретте келесі жылдан бастап Қазақстанның барлық мектептерінде бұзақылыққа қарсы бағдарламаны жүзеге асыруға дайындық жұмыстарын жүргізу мақсатында психологиялық қолдау көрсету орталықтарының басшылары да осы бағдарламаны зерделеуге кірісті. Менің ойымша, алдағы бірнеше айларда, содан кейін жылдар ішінде біз оң өзгерістерді көруіміз керек. деп өз ойын білдірген болатын.

Қазақстанда өткен жылдың өзінде 1800-ден астам бала сыныптастары мен мұғалімдерінің қорқытуы туралы хабарлаған. Кәмелетке толмағандар шағымдарын Бас прокуратураның Telegram-арнасының чат-ботына және мектептердегі QR кодтары арқылы жолдаған. Тексеру нәтижесінде 200-ге жуық адам жауапкершілікке тартылды. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметі бойынша, Қазақстанда балалардың 20%-ға жуығы мезгіл-мезгіл қорқытуға ұшырайды. Сонымен қатар, әлеуметтік сауалнама барысында белгілі болғандай, 500-ден астам оқушы айына 2-3 рет қорқыту мен қорлауға ұшырайды. Бұлар негізінен 11 мен 15 жас аралығындағы мектеп оқушылары. Елдегі бұзақылық мәселесін шешу үшін кешенді шаралар қолға алынуда. Оқу жылының басынан бері еліміздегі мектептерде бұзақылыққа қарсы «Досбол лайк» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Пилоттық жобада жеті облыста жұмыс істеп, 70 мың оқушы мен 5 мың мұғалім қамтылған. Олар жанжалдарды шешу және медиация бойынша сабақтар өткізіп, қорқытудың құрбаны болған балалармен жұмыс істеу дағдыларын үйренеді. Алғашқы қатысушылар елордалық ұстаздар, оқушылар және олардың ата-аналары болды. 2021 жылы оқушылар арасында оларды буллингтен қорғау бойынша алдын алу жұмыстарын жүргізу үшін жергілікті бюджеттен 30 млн теңге бөлінді. Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020 – 2023 жылдарға арналған жол картасы бекітілген болатын. Тағы бір шаралардың бірі ретінде кәмелетке толмағандарға шұғыл эксперименттік психологиялық кеңес беру үшін 21 жұмыс тобы жасайды. Өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға арналған Call–орталық, «жедел желі» тәулік бойы жұмыс істейді. Биылғы жылдың басынан бері Қазақстанның барлық мектептері мен колледждерінде 111 байланыс орталығының QR кодтары жұмыс істейді. Онда бар болғаны бір айдың ішінде кәмелетке толмағандардан 18 мыңнан астам қоңырау түскен. Зорлық-зомбылық құрбандарына психологиялық көмек көрсетілді.

Быттыр kundelik.kz платформасымен әріптестікте БҰҰ Балалар Қоры мен БҰҰ Даму бағдарламасы Қазақстанда кибербуллингке қарсы бірлескен науқан өткізіп отыр. Бұл науқан жыл сайын 25 қарашадан 10 желтоқсанға дейін жұртшылықтың назарын аудару және қоғамдағы зорлық-зомбылық мәселелерін шешуге барлық тараптарды тарту мақсатында өткізілетін БҰҰ-ң «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенді іс-қимыл» науқаны аясында өткізілді

2019 жылдан бастап Алматының 5 мектебінде балаларды зорлық-зомбылықтан, қорқытудан және кибербуллингтен қорғау бойынша Street LAW пилоттық жобасы жүргізілуде. 2022 жылдан бастап «Кадыр-Қасиет» ҚҚ -ның бастамасымен «Буллингке қарсы бағдарлама» жобасы жүзеге асуда.

ҚР буллингке қарсы құқықтық жауапкершілік

Қазақстанда 2022 жылдың 3 мамырында кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау саласындағы тікелей нормативтік құқықтық актілер «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» және «ҚР білім туралы» заңдарына «жәбірлеу» («буллинг» ұғымы «жәбірлеу» деп берілген) ұғымы ресми түрде енгізілді. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» № 506 бұйрығы бекітілді және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде № 31180 болып тіркелген болатын. Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидалары «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 46-26) тармақшасына сәйкес әзірленген және баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы жөніндегі қызметтің тәртібі айқындалған.

Алдын алу шаралары

Буллингтің алдын алу – бұл мектепте, колледжде, университетте және қоғамда қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастырудың маңызды бөлігі. Оны алдын алудың бірнеше тиімді жолдары бар:

1. Құқықтық және ақпараттық ағарту жұмыстары

– Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында құқықтық жалпыға бірдей оқыту, сынып сағаттары, тәрбиелік іс-шаралар, ата-аналар жиналыстары өткізу.

– Әңгімелесу, пікір алмасу, кездесулер арқылы оқушылар мен ата-аналарды буллингтің зияны және оны алдын алу жолдары туралы хабардар ету.

– Оқушыларды заңды түрде жәбірлеуге жол берілмейтіні туралы алдын ала жазбаша немесе ауызша түрде ақпараттандыру.

2. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру

– Мұғалімдерге арналған оқыту семинарлары, тренингтер, шеберлік сыныптар, коучингтер, конференциялар, форумдар, дөңгелек үстелдер және дебаттар ұйымдастыру.

– Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу, оқушылармен жұмыс істеудің тиімді әдістерін меңгеру.

3. Сынып сағаттарының мазмұнын жетілдіру

– Арнайы «Буллинг және кибербуллингтің алдын алу» тақырыбына арналған сынып сағаттарының үлгілерін дайындау.

– Тәрбие сағаттарын жүйелі түрде бірнеше аптаға бөліп өткізу, әр тақырып бойынша кері байланыс алу.

– Оқушылардың қорғану дағдыларын қалыптастыруын бақылау және бағалау.

– Quizizz, Kahoot, Wordwall сияқты интерактивті платформаларды пайдалану арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру.

4. Жәбірленушіні анықтау және қолдау көрсету

– Буллинг белгілерін алғаш байқайтын адам көбіне мұғалім болғандықтан, ол баламен ашық сөйлесіп, жағдайды анықтауға тырысуы қажет.

– Баламен сенімді қарым-қатынас орнатып, эмоциялық қолдау көрсету.

– Қысымға ұшыраған балаға ұзақ мерзімді көмек көрсету жоспары жасалып, психолог, мектеп әкімшілігі және ата-аналармен бірігіп жұмыс атқару.

5. Жалпы мектепшілік жүйені жетілдіру

– Буллингке қатысты жағдайларды жасырып қалмай, уақытылы шара қолдану.

– Барлық тараптарға (оқушы, мұғалім, ата-ана) ортақ жауапкершілік жүктелген орта қалыптастыру.

– Оқушылар арасында достық және қолдау атмосферасын орнату.

Қорыта келе, жасөспірімдер арасындағы буллинг – бұл тек мектеп немесе отбасы деңгейіндегі мәселе емес, ол бүкіл қоғамның назарын талап ететін маңызды әлеуметтік құбылыс. Буллингтің түрлі түрлері – психологиялық, физикалық, вербалды және кибербуллинг – жасөспірімнің тұлғалық дамуына, психологиялық саулығына кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан оның алдын алу шаралары жүйелі әрі кешенді түрде жүзеге асырылуы тиіс.

Қазақстанда буллингке қарсы күрес бағытында белгілі бір заңнамалық және тәрбиелік жұмыстар жүргізіліп жатқанымен, бұл бағыттағы жұмыстарды жетілдіру қажет. Әсіресе мектептерде психологиялық көмек көрсету, алдын алу бағдарламаларын енгізу және ата-аналармен тығыз байланыс орнату маңызды.

Шетелдік тәжірибеге көз жүгіртсек, Финляндиядағы KiVa бағдарламасы, АҚШ-тағы Positive Behavioral Interventions and Supports (PBIS) жүйесі сияқты бастамалар буллингпен күресте жоғары нәтиже көрсетіп отыр. Бұл тәжірибелер Қазақстан үшін үлгі бола алады.

Буллингті жою үшін әрбір бала өзін қауіпсіз және бағаланған сезінетін орта құруымыз қажет. Бұл – мектеп, ата-ана, оқушы, мемлекет және жалпы қоғам бірігіп атқаратын ортақ міндет.

Пайдаланылған әдебиеттер

- [1] <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
- [2] <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>
- [3] <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>
- [4] <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
- [5] <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200031180>
- [6] <https://24.kz/ru/news/social/694584-bolshe-1800-detej-zayavili-o-bullinge-v-kazahstane-v-2024-godu>
- [7] <https://www.unicef.org/kazakhstan/kk/%D0%BA%D0%B8%D0%B1%D0%B5%D1%80%D0%B1%D1%83%D0%BB%D0%BB%D0%B8%D0%BD%D0%B3%D1%82%D0%B5%D0%BD-%D2%9B%D0%B0%D0%BB%D0%B0%D0%B9-%D2%9B%D0%BE%D1%80%D2%93%D0%B0%D0%BD%D1%83%D2%93%D0%B0-%D0%B1%D0%BE%D0%BB%D0%B0%D0%B4%D1%8B>
- [8] <https://sputnik.kz/20240601/bulling-zhane-zorlyq-zombylyq-qazaqstanda-balalardyn-quqygy-qalay-qorgalady-44696202.html>
- [9] <https://24.kz/ru/news/obrazovanie-i-nauka/670325-v-110-shkolakh-kazahstana-zapustili-programmu-antibullinga-kiva>
- [10] <https://ru.euronews.com/health/2024/03/27/who-bullying-report-ru>
- [11] <https://azattyq-ruhy.kz/society/61532-okushylardyn-limzhettik-tipti-zorlyk-korsetui-tyiylmai-otyr-prezident>
- [12] Ж.Е. Абдыхалықова, А.Ж. Баймуханова, Ж. Абдуллаева, А.Ш. Муталиева Білім беру жүйесінде буллингтің алдын алудың шетелдік және отандық тәжірибесі <file:///C:/Users/User/Downloads/2587.pdf>
- [13] Н.Б. Токсанбаева, С.Қ. Алимбаева, К.Б. Сматова, К.Ж. Туребаева, Б.Б. Аязбаева. Жасөспірімдік ортадағы буллинг – әлеуметтік-психологиялық мәселе ретінде. <1file:///C:/Users/User/Downloads/261-272.pdf>